

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

7.5: ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ИННОВАЦИЯ
7.5: ИНВЕСТИЦИЯ И ФИНАНСОВАЯ ИННОВАЦИЯ
7.5: INVESTMENTS AND FINANCIAL INNOVATIONS

УДК 33.336.02

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫҚ САЛУ ЖҮЙЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ

Айтуған Жансая Жәнібекқызы
jansaya_aitugan@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің, қаржы мамындығы бойынша білім
алушы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- э.ғ.м. – Рахимжанова К. К.

Аннотация: Тарихтың қай парағын ашып қарасақ та, салықтық жүйені реформалау үнемі мемлекет, халық пен кәсіпкерлер арасындағы қатынастардың жаңарып, қайта құрылуы үшін жауап берген. Жаңалықты жат көру адамзатқа тән нәрсе. Қай салада болмасын цифрландыру жаһандандудың бір құралы ретінде, қоғамдағы қатынастарды күшейтуші қызмет атқаруда. Цифрлық трансформация салық жүйесінде де болып жатқан және күтілетін өзгерістердің көшін бастауда. Жағандану мен цифрландыру қоғам, кәсіпкер, мемлекет деген үш тараптың да мүдделерін қорғап, қажеттілігін қанағаттандыруға жағдай жасауда ма? Әлде, кейбіреулер айтатындай цифрландыру үкіметтің басты кіріс көзі, өзіне тиесілі салықты жинауына кедергілер келтіруде ме? Қандай қиындықтармен бетпе-бет келудеміз? Әрине тосқауылдарсыз өзгеріс болмайды, жаңа жағдайда салық жүйесін реформалауда, оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін принциптерді түзету мен объективті түрде бағалау қажет.

Мақсатымыз, экономика салаларын цифрландыру мен қоғамды сол жағалыққа үйретудің, салық салудың барынша әділдігін зерттеу, қамтамасыз ету. Соның ішінде Қазақстан Республикасында салық жүйесін цифрландыру процесі қалай жүріп жатыр, оның салық салудың ауыртпалығын төмендету үшін қандай қызмет атқарып жатқанын талдау. Салық салудағы түрлі мәселелерге қандай шешім тапқанын және қалай әсер еткенін зерттеу, бағалау.

Кілт сөздер: Салық, салық жүйесін цифрландыру, салық органдары, салықтық түсімдер, бюджет.

Зерттеу мақсаты: Бұл мақаланың зерттеу мақсаты Қазақстандағы салықтық жүйенің цифрландырылуына баға беру.

Кіріспе: Американың алтыншы президенті Бенджамин Франклиннің «Адам баласы құтқарылмайтын екі нәрсе бар: бірі - өлім, екіншісі - салық», деген сөзі бар. Әзіл де болса, бұл сөзде үлкен экономикалық мән жатыр.

Салықты ертеден халық арасында қандай да бір жаза түрінде түсініп келеді. Сірә, бұған түрткі болған жаугершілік замандарда жаулап алушылар өздеріне бағынышты елдерден қандай да бір мөлшерде салық төлетіп отыруы. Салық бағыныштылықтың белгісі деп түсініліп келеді. Бірақ, бұл қате ұғым.

Мемлекеттің өсіп-дамуының және болмысының материалдық базасы - қаржыларды қалыптастырудың негізгі қайнар көзіне салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жатады. Осы жалпы кірістердің 70%-ына жуығын салықтар құрайды. Сонымен қатар, салықтар экономика аясын реттеудің таптырмас құралы және мемлекеттің мызғымас атрибуты болып саналады. Осыған орай «мемлекет бар жерде салық алынады, салық пен салық жүйесі бар

жерде мемлекет бар» деп тұжырымдауға әбден болады. Демек, салық – мемлекеттің негізі, мемлекеттің негізі мықты қалыптасса, сол мемлекеттің болашағы жарқын.

Қазақстан республикасының практикасында салық жүйесін қазіргі қалпына келтіру үшін бірнеше кезеңдік реформалар жүргізілді. Реформа тудыртқан басты қозғаушы күш – салық саясатының әлсіздігінде дей аламыз, әлсіз әрі тиімсіз салық саясаты «көлеңкелі экономиканың» кең етек жаюына себепші болады, болып келеді. Аталмыш мәселені жою үшін салық реформаларын жүргізумен қатар, салық мәдениетін де қолға алу үлкен өзгерістерге алып келері сөзсіз. Бұл мақсатта да үкімет бірнеше бастамаларды қолға алған болатын. Алғашқы жобалардың бірі әлемдік пандемия кезінде бастау алып, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Мемлекет басшысы өз Жолдауында салық және кеден саласын цифрландыру «көлеңкелі экономиканың» кез келген көріністерімен күресуге айтарлықтай көмектесетіндігін атап өткен болатын. «Көлеңкелі экономика» сыбайлас жемқорлыққа жол ашып отырғаны жасырын емес.

Бір кездері инновация болған цифрландыру қазірде барлық барлық жерде қолға алынып, бүгінде қоғамның барлық салаларына тұрақты түрде енгізіліп, халық пен мемлекет арасындағы байланыстың барлық түрлерін толық қамтуда десек қателеспейміз.

Зерттеулер: Салық жүйесін цифрландыру-салық төлемдерін жинау, өңдеу және бақылау процестеріне цифрлық ақпаратты өңдеу технологиялары мен құралдарын енгізу процесі. Қазақстанда салық жүйесін цифрландыру-таяу жылдарға арналған мемлекеттік даму стратегиясының маңызды бөлігі.

Бұл жағдайда қойылуға тиісті сұрақ туындайды. Ал, салық салу саласында цифрландыру қалай жүргізілуде және ол бұрын болған кемшіліктердің орнын толтыра ала ма?

Қазақстанда салық жүйесін цифрландырудың алғашқы қадамдары 2000 жылдардың басында жасалды. Бұл кезеңде салық төлеушілердің бірыңғай деректер базасы құрылып, декларацияның электронды нысандары енгізілді. Алайда, салық жүйесін цифрландырудағы нақты серпіліс соңғы жылдары үкіметтің үлкен күш салуымен болды.

Қазақстан Үкіметінің қабылдаған маңызды шараларының бірі электронды салық декларациясын енгізу болды. Енді салық төлеушілер арнайы портал арқылы онлайн тапсыра алады, бұл құжат тапсыру процесін айтарлықтай жылдамдатады және жеңілдетеді.

Салық жүйесін цифрландырудағы тағы бір маңызды шара электронды шот-фактураны енгізу болды. Бұл салық төлеушілерге шот-фактураларды беруге және төлемдерді онлайн режимінде алуға, сондай-ақ салық есептілігін автоматты түрде жасауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе қағазбастылықтағы уақыт пен ақшаны үнемдеп қана қоймай, қате жіберу мүмкіндігін де азайтады. Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі салықты тиімдірек жинау үшін жаңа цифрлық құралдарды белсенді түрде әзірлеуде. Мәселен, 2021 жылы салық төлеушілерге салықты банк карталарын пайдаланбай мобильді қосымша арқылы төлеуге мүмкіндік беретін Cardless Tax пилоттық жобасы іске қосылды.

Сонымен қатар, Қазақстан электронды мониторинг жүйесі арқылы салық ағындарын бақылауды күшейтуде. Бұл жүйе салық қызметіне салық төлеушілердің банк шотындағы ақша қаражатының қозғалысын бақылауға және салық төлеуден алтаруды көрсете алатын негізсіз операцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Алайда салық жүйесін цифрландырудың пайдасымен қатар тәуекелдері де бар. Мысалы, салық қызметінің электрондық деректер базасына хакерлік шабуылдар қауіпі бар, бұл салық төлеушілердің құпия деректерінің сыртқа шығуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, салық статистикасын бұрмалауды болдырмау үшін барлық салық төлеушілердің цифрлық құралдарға қолжетімділігін және цифрлық сауаттылықтың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қажет. Жалпы, Қазақстандағы салық жүйесін цифрландыру экономиканы дамыту және салық төлемдерін жинау тиімділігін арттырудағы маңызды қадам

болып табылады. Дегенмен, бұл стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру үшін тек үкіметтің қолдауы ғана емес, сонымен қатар бизнес қауымдастықтың, жалпы қоғамның белсенді қатысуы қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанның салық органдары салық жинау және есепке алу процесінің ашықтығы мен сенімділігін арттыру үшін блокчейн сияқты жаңа технологияларды енгізуге кірісті. Мәселен, 2018 жылы Қазақстанның салық қызметі мұнай өнімдерінің жеткізілуін бақылау үшін блокчейн технологиясын қолдану арқылы сәтті эксперимент жүргізді. Бұл технология салық органына жөнелтілімдер туралы сенімді және нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл салықтардың төленуін бақылауды жеңілдетеді.

Салық жүйесін цифрландырудың тағы бір маңызды қадамы қағаз құжаттарын алмастыратын жіне салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимыл процесін жеңілдететін электрондық анықтамалар мен қолтаңбаларды енгізу болып табылады. Мысалы, 2020 жылдан бастап Қазақстанда бизнесті тіркеу және салық есептілігін беру үшін электрондық анықтамалар енгізілді. Бұл құжаттарды тапсыру уақыты мен құнын қысқартады және сенімділік пен деректерді қорғау деңгейін арттырады.

2020 жылдан бастап «E-Salyq-Azamat» мобильді қосымшасы іске қосылды. Оны App Store немесе Play Market-тен тегін жүктеп алуға болады. Сервис азаматтарға дайын деректемелер бойынша төлем жүргізу мүмкіндігімен бір мезгілде оны төлеу мерзімі басталғанға дейін алдағы салық сомасын білуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мүлікке, жерге және көлік құралына қолда бар салық салу объектілері бойынша онлайн толықтыруларды, автотасымалдауды және қарауды жүргізуге болады.

Мобильді қосымша салық салудың арзандығы және ыңғайлылығы принциптерінің бұрынғыдан да жоғары деңгейде орындалуына үлкен мүмкіндік береді. Қосымшаның негізгі мәзірінде бірқатар электрондық қызметтер бар:

- «Электрондық салық әмияны»;
- «Салық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешек туралы сервис»;
- «ЖТ және ЖК алдағы төлемдер сервисі»;
- «Калькулятор»;
- «БЖТ төлемі»;
- «Салық төлеушілерді іздеу»;
- «Сенімсіз салық төлеушілерді іздеу»;
- «Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы және салық есептілігін кері қайтарып алу туралы мәліметтер»;
- «Анықтамалықтар»;
- «Шағымдардың электрондық кітабы»;
- «Жиі қойылатын сұрақтар».

Қосымшаның электрондық қызметтері салық төлеушілер үшін ғана емес, сонымен қатар, сол салықты салушы үкімет үшін де өте тиімді және ыңғайлы. Жоғарыда аталған қызметтер салық базасы мен мөлшерлемесін анықтап, төлеу үшін ғана емес, әрі салықтан жалтарушыларды да анықтауға мүмкіндік береді. Тіпті, олардың салықтан жалтаруына мүмкіндік бермейді десек те болады. Бұл өз кезегінде жоғарыда аталғандай салық субъектілеріне де, салық агенттеріне де, мемлекетке де оң әсерін тигізеді.

Жалпы, Қазақстан заңнамасының цифрлық технологияларға және салық саласындағы цифрландыру үдерісіне көзқарасы оңынан деген біржақты қорытындыға келе аламыз.

Аталған қызметтерге қарай отырып, жасанды интеллекттің адамдар үшін стандартты операциялардан бөлек, тіпті барлық қызмет түрлерін соның ішінде мезгілінде туындайтын салық төлеуді қиындататын кей көзжұмушылықтар мен есептеулерді де орындап отыра алатын деңгейге жетуі әбден мүмкін.

Сондай-ақ, Қазақстандағы салық жүйесін цифрландыру салық төлеу процесін жеңілдетіп қана қоймай, жалпы цифрлық экономиканың дамуына ықпал ететінін атап өткен жөн. Бұл бизнестің жаңа мүмкіндіктерін ашады, процестерді жылдамдатады және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырады.

Төменде 2021-2022 жылдар аралығында салықтық түсімдерін қарастырайық:



Жалпы, ағымдағы жылғы (ағымдағы жыл-2020 жыл) 30 қыркүйектегі жағдай бойынша "e-Salyk" мобильді қосымшасын пайдаланушылар саны 85 016 адамды құрады. Салық әмиянын толықтырудың жалпы сомасы 19,5 млн. теңгеден асты. Сонымен қатар, түзету қызметін 6 мыңға жуық адам пайдаланды. Қазірде қосымшаны қолданушылар бірнеше есеге өсті.

Жоғарыдағы көрсеткіштерден 2020 және 2021 жылдар аралығында әртүрлі деңгейлердегі бюджеттерге түскен түсімдерді салыстыра аламыз. Екі жыл арасындағы айырмашылық анық байқалады, әрине, салықтық түсімдер көлеміне әсер етуші көптеген факторлар бар. Солардың бірі «көлеңкелі экономика», аталған қосымшаның бұл мәселені төмендетуге қосқан үлесі біршама.

Дегенмен, салық субъектілері, осы мобильді қосымшаны жиі пайдаланушылар ретінде қарапайым халық арасында сауал жүргізу барысында қосымшаның кейбір кемшіліктерін де байқаймыз. Соның бірі, қосымшаны құрастырушылар оны қолдану өте оңай деп қанша сендіргенімен де, қосымшаның күрделілігін алға тартушылар да аз емес. Бүгінгі күні жалпы қаржы, сауда нарығында қолма-қолсыз ақша айналымының бірден-бір құралы болып отырған Kaspi.kz қосымшасы салық төлеу үшін әлде қайда ыңғайлы деп жатады. Бұл болашақта қалыпқа келтірілетін қосымшаның кішкене ғана кемшілігі деп қабылдайық.

Жалпы айтқанда, Қазақстандағы салық жүйесін цифрландыру ел экономикасын жаңғырту және салық төлемдерін жинау тиімділігін арттырудағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Жаңа технологиялар салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылдың уақыты мен шығындарын қысқартуға, салық жинау және есепке алу процесінің ашықтығы мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар цифрлық экономиканың дамуына ықпал етеді. Дегенмен, жаңа технологияларды қолданумен байланысты кибершабуылдар мен деректердің құпиялығын бұзу мүмкіндігі сияқты тәуекелдерді ескеру қажет. Бұл тәуекелдерді азайту үшін салық органдары барлық қажетті қауіпсіздік шараларын сақтауы және тек дәлелденген және сенімді технологияларды қолдануы керек. Сонымен қатар, салық жүйесін цифрландыру адам факторын толығымен алмастыра алмайтынын есте ұстаған жөн. Салық органдарына әлі де мәліметтерді талдап, алынған ақпарат негізінде шешім қабылдай алатын білікті мамандар қажет. Сондай-ақ, салық төлеушілердің жаңа технологияларға қолжетімділігін және дайындығын қамтамасыз ету қажет.

Жалпы, Қазақстандағы салық жүйесін цифрландыру экономиканы дамыту мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырудағы маңызды қадам болып табылады. Жаңа

технологиялар салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылпроцестерін жеңілдетуге, салықтарды алу және есепке алу процесінің ашықтығы мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар, цифрлық экономиканың дамуына ықпал етеді. Дегенмен, тәуекелдерді есте ұстау және жаңа технологияларды пайдалану қауіпсіздігін қадағалау, сонымен қатар салық жүйесін басқару процесінде адам факторының маңыздылығын ұмытпау қажет.

Қорытынды: Қорытындылай келе, Қазақстандағы салық жүйесін цифрландырудың салық органдары қызметінің спасы мен тиімділігін арттыруға зор әлеуеті бар деп айта аламыз. Жаңа технологиялар салық жинау және есепке алу процесстерін жеделдету және жеңілдетуге, процесстердің ашықтығы мен сенімділігін арттыруға, әрі цифрлық экономиканың дамуына ықпал етеді.

Дегенмен, салық саласында цифрлық технологияларды енгізу теңгерімді болуы және барлық қажетті деректер қауіпсіздігі мен құпиялық шараларын сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, салық органдары мен салық төлеушілердің жаңа технологияларға қолжетімділігін және дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ салық жүйесін басқару процесінде адам факторының маңыздылығын ескеру қажет.

Салық жүйесін цифрландыруға байланысты тәуекелдер мен қиындықтарға қарамастан, бұл Қазақстан үшін экономиканы жаңғырту және мемлекеттік басқару сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Дұрыс енгізілген цифрлық технологиялар халықтың кмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға, экономикалық өсуді жеделдетуге және елдің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Послание К.Ж. Токаева от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» // <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953>
2. Е. А. Богданова, Н. В. Кофтанюк, Б. Н. Наукенова Налог и налогообложение. Учебное пособие. Павлодар.2016г
3. Бекбосынова А.С. Налог и налогообложение:учебное пособие.Астана 2014
4. К. Джантурина, Б. Дюсекеева. Практикум по дисциплине. Астана 2014
5. Е. В. Малыш. Налог и налогообложение Учебно-методическое пособие. Екатеринбург 2017
6. Г. Б. Поляк, Е. Е. Смирнова. Налог и налогообложение.Учебник и практикум. Москва 2018
7. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі ресми ақпараттық сайты. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ҚР-ның Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсан.

УДК 336.027

ЦИФРОВОЙ БАНК «ЗЕЛЕННЫХ» ФИНАНСОВ, КАК СПОСОБ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

Аманбекова Томирис Рашидовна
amannbekovat@mail.ru

Студент экономического факультета образовательной программы «Финансы», 3 курс ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Республика Казахстан